bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2017

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

# «Керқұла атты Кендебай» ертегісі. Кендебайдың ерліктері

ЖАРИЯЛАНДЫ 12.11.2017
СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/20491/

**АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА**

## Қысқа мерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| **Күні:**<br>**Сынып: 5** | **Мектеп: «№66 мектеп-лицей» ММ** |
| **Қатысқандар:**<br>**Қатыспағандар:** | **Мұғалімнің аты-жөні: Абилова Алима Ораловна** |
| **Сабақтың тақырыбы** | «Керқұла атты Кендебай» ертегісі. Кендебайдың ерліктері |
| **Осы сабақ арқылы қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу. (5 Т\Ж3) |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>Ертегідегі кейіпкерлердің образын ашуда портреті мен іс-әрекетін сипаттайды.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Кейіпкерлердің образын ашуда көркемдеуіш сөздерді, диалект сөздерді, сөз тіркестерін қолданады.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Кейіпкерлер образын ашуда даналық ой пікірлерді, күрделі тіркестерді қолданып, өзіндік пікір айтады. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейлері** | Қолдану |
| **Тілдік мақсат** | Пәнге қатысты сөздік қор. Жәрдемдесу, арыдым, тоздым, басым таз, жалақ ерін, жорық.<br>Портрет, аллитерация |
| **Бағалау критерийі** | 1. Кейіпкердің портреті мен іс-әрекетін сипаттай алады.<br>2. Кейіпкерлер образын ашуда көркемдеуіш сөздерді, сөз тіркестерін қолдана алады.<br>3. Күрделі тіркестерді, даналық ой пікірлерді қолдана отырып, өзіндік пікір айта алады. |
| **Құндылықтарға баулу** | Адамгершілік, қайырымдылық, батырлық, батылдық |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ тілі |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Керқұла атты Кендебай ертегісінің мазмұнын біледі. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Басы:**<br>3 минут | **Мұғалімнің әрекеті**<br>**Ұйымдастыру кезеңі:** Жағымды психологиялық орта қалыптастыру.<br><br>Оқушыларды топқа біріктіру.<br>_<br>_ | **Оқушының әрекеті**<br>Шеңбер жасап, бір-біріне жылы лебіздер айту.<br><br>Ер, батыр, қайсар, қайрат сөздері арқылы топқа бірігеді. | Смайлик арқылы қалыптастырушы бағалау жүргізіп отыру | Интерактивті тақта.<br>оқулық |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr>
<td>–<br>–<br><u>Даярлық кезеңі</u> Талдау<br><br>10 минут</td>
<td><u>Ширату жаттығуы:</u><br>Жұптық, топтық кері байланыс арқылы алдыңғы білімді талқылайды. «5 Қ кестесі» әдісі арқылы әр топқа ертегі бөлімдері және кесте беріледі. «Қ» әріпінен басталатын сұрақтарға жауап береді.<br><br>«5 Қ кесте» әдісі<br>
<table>
<tr><th>Тапсырма</th><th>Жауап</th></tr>
<tr><td>1.Қандай оқиға(іс-әрекет) болды?</td><td></td></tr>
<tr><td>2.Қай кейіпкер оқиғада кесдесті?</td><td></td></tr>
<tr><td>3.Қалай болғанын жаз?</td><td></td></tr>
<tr><td>4.Қашан болғанын жаз?</td><td></td></tr>
<tr><td>5.Қайда болғанын жаз?</td><td></td></tr>
</table>
1.Қандай оқиға(іс-әрекеті) болды?<br>2.Қай кейіпкер оқиғада кесдесті?<br>3.Қалай болғанын жазыңыз?<br>4.Қашан болғанын жазыңыз?<br>5.Қайда болғанын жазыңыз?<br><br>Дескриптор<br>1.Қандай оқиға(іс-әрекеті) және оқиғада қай кейіпкер кездескенін жазады.<br>2.Оқиғаның қалай, қайда және қашан болғанын жазады.</td>
<td>Бір-бірімен сұраққа кезектесіп жауап іздейді.<br><br>Оқушылар топта талқылайды, ортаға салып талдайды, ортақ тұжырым жасайды. Берілген кестені сұрағына қарай толтырады. Ертегіден дәлелді жауап жазады.</td>
<td>«Мадақ сөздер» Керемет!</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Негізгі бөлім (Мағына-ны тану кезеңі)<br>10 минут</td>
<td>Тапсырма:<br>1.«Концептуалды кесте» әдісі арқылы оқушылар ертегі кейіпкерлерін, іс-әрекетін сипаттап жазуға нұсқаулық береді.<br>
<table>
<tr><th>Кейіпкерлер</th><th>Портреті (жыр бойынша)</th><th>Іс-әрекеті</th><th>Образын берудегі оқушы сипатта масы</th></tr>
<tr><td>Кендебай</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Керқұла ат</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор<br>1. Кейіпкерлердің портретін, іс-әрекетін сипаттау арқылы образын ашады.</td>
<td>Оқушылар берілген кестені толтырады. Кейіпкер образын, іс-әрекетін сипаттап жазады.</td>
<td>«Мадақтау сэндвичі» әдісі арқылы қалыптастырушы бағалау жүргізіледі.<br>1.Не ұнады? (позитив. ой)<br>2.Нені жақсарту керек? (сындарл. ой)<br>3.Маған ұнады, бірақ келесі жолы... (келешекке комментарий)</td>
<td>АКТ<br>Ертегі кейіпкерлерінің суреті,<br>Оқулық</td>
</tr>
<tr>
<td>12 минут</td>
<td>2. «Себеп-салдарлық диаграмма» (Балық қаңқасы) әдісі арқылы кейіпкердің образын ашуда нақты дәлелдер (сөз тіркестері, күрделі сөздер) келтіріп жазу ұсынылады.<br><br>Дескриптор<br>1.Кейіпкер образын ашу арқылы нақты дәлелдер келтіреді.</td>
<td>Оқушылар жұппен жұмыс жасап, топта талқылайды. Ортақ тұжырым шығарады. Себептері мен салдарын ертегіден дәлел келтіре отырып жазады.<br><br>Себептері: батыр, жанашыр, батыл<br>Салдары: еліне жаны ашиды, ерлікке жаны құмар</td>
<td>«Екі жұлдыз, бір тілек»</td>
<td>«Балық қаңқасы» әдісі слайды.<br><br>Кейіпкерлердің суреті</td>
</tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 минут | 3.«Кейіпкерге хат» әдісі арқылы Кендебайға хат жазатынын ұсынады.<br><br>**Дескриптор**<br>Кейіпкерге хат жазу арқылы өз ойын, пікірін білдіре алады. | Әр оқушы ертегідегі кейіпкерлерге  хат жазады. | «Мадақ сөздер» |
| **Қорытынды бөлім**<br><br>5 минут | **Рефлексия:** «Шығу билеті» арқылы кері байланыс жүргізу.<br>1. Бүгін не үйрендің?<br>2. Нені білгің келеді? | | «Шығу билеті» |
| **Мұғалімнің өз сабағына рефлексиясы** | | | |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.